

Қалалық мәслихаттың 2013 жылғы 12 желтоқсандағы № 16/155 "Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы және мереке күндерінің тізбесін, оны көрсету еселігін бекіту, сондай-ақ әлеуметтік көмектің мөлшерін белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы мәслихатының 2015 жылғы 03 ақпандағы № 27 /261 шешімі. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 03 наурызда № 2625 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 2016 жылғы 21 қазандағы № 5/58 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 21.10.2016 № 5/58 шешімімен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексiне , "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерiне және соларға теңестiрiлген адамдарға берiлетiн жеңiлдiктер мен оларды әлеуметтiк қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуiрдегi, "Қазақстан Республикасындағы жергiлiктi мемлекеттiк басқару және өзiн-өзi басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, " Қазақстан Республикасында мүгедектердi әлеуметтiк қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуiрдегi Қазақстан Республикасының Зандарына, сондай-ақ "Әлеуметтiк көмек көрсетудiң, оның мөлшерлерiн белгiлеудiң және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тiзбесiн айқындаудың үлгiлiк қағидаларын бекiту туралы" 2013 жылдың 21 мамырындағы № 504 Қазақстан Республикасының Үкiметiнiң қаулысына сәйкес, Ақтау қалалық мәслихаты **ШЕШiМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қалалық мәслихаттың 2013 жылғы 12 желтоқсандағы № 16/155 "Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы және мереке күндерінің тізбесін, оны көрсету еселігін бекіту, сондай-ақ әлеуметтік көмектің мөлшерін белгілеу туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2339 болып тіркелген, " Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 22 қаңтарда жарияланған) төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесі келесі мазмұнда жаңа редакцияда жазылсын:
"Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы " 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Зандарына, сондай-ақ " Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылдың 21 мамырындағы № 504 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, Ақтау қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**";

көрсетілген шешімнің 2 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Ақтау қалалық мәслихатының аппарат басшысы (Д.Телегенова) осы шешім Маңғыстау облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін, оның "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың әлеуметтік мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (С.Шудабаева).

4. Осы шешім Маңғыстау облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы*

*А.Қоспаев
М. Молдағұлов*

"КЕЛІСІЛДІ"

"Ақтау қалалық жұмыспен қамту
және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің басшысы

Г. Хайрлиева

03 ақпан 2015 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

"Ақтау қалалық экономика
және бюджеттік жоспарлау бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің басшысы

А. Ким

03 ақпан 2015 жыл

Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына атаулы және мереке күндеріне әлеуметтік көмектің мөлшерлері

№ р/р күндері	Атаулы күндер және мереке күндері	Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттары	Әлеуметтік көмек мөлшерлері
1	21-23 наурыз – Наурыз мейрамы	"Алтын алқа", "Күміс алқа" салпыншақтарымен марапатталған көп балалы аналар немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, I және II дәрежедегі "Ана даңқы" орденімен марапатталғандар	2 айлық есептік көрсеткіш
		Барлық топтағы мүгедектер, 16-18 жастағы барлық топтың мүгедек балалары, 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар, мүгедектігі бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алушылар	5 айлық есептік көрсеткіш
2	26 сәуір – Чернобыль атом электр станциясындағы апат күні	Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балалары	60 айлық есептік көрсеткіш
		1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдар	50 айлық есептік көрсеткіш
		1988-1989 жылдардағы Чернобыль АЭС-індегі апаттың зардаптарын жоюға қатысқан, оқшаулау аймағынан Қазақстан Республикасына қоныс аудартқан (өз еркімен көшкен) адамдар қоныс аудартқан күні анасының құрсағындағы балаларды қоса алғанда	20 айлық есептік көрсеткіш
3	1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі	Барлық топтағы мүгедектер, 16-18 жастағы барлық топтың мүгедек балалары, 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар, мүгедектігі бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алушылар	5 айлық есептік көрсеткіш
		Ұлы Отан соғысының қатысушылары және мүгедектері	100 айлық есептік көрсеткіш
		Жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдар (Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдардан, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балаларынан басқа)	60 айлық есептік көрсеткіш
		Жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдар (1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдардан басқа)	50 айлық есептік көрсеткіш
		Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және	

4	9 мамыр – Жеңіс күні	<p>медальдарымен марапатталған адамдар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдар</p>	40 айлық есептік көрсеткіш
		<p>Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің ата-аналары және екінші рет некеге тұрмаған жесірлері</p>	40 айлық есептік көрсеткіш
		<p>Ауғанстандағы немесе соғыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі соғыс қимылдары кезінде қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе жаралану, контузия алу, мертігу, ауру салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің отбасылары; бейбіт уақытта әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет атқару кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің отбасылары, қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан ішкі істер органдары қызметкерлерінің отбасылары; Чернобыль АЭС-тағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарын жою кезінде қаза тапқандардың отбасылары; сәуле аурулары салдарынан қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектердің, сондай-ақ қайтыс болуы Чернобыль АЭС-тағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың және ядролық сынақтардың әсеріне белгіленген тәртіппен байланысты болған азаматтардың отбасылары</p>	40 айлық есептік көрсеткіш
5	1 маусым – Балаларды қорғау күні	<p>Қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелі (ері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын әрекет жасаушылардың, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинградтың тұрғынына" белгісімен марапатталған азаматтардың, жалпы сырқаттанудың, еңбекте мертігудің және басқа да себептердің (құқыққа қарсыларын қоспағанда) салдарынан мүгедек деп танылғандардың екінші рет некеге отырмаған әйелі (ері)</p>	40 айлық есептік көрсеткіш
		<p>16-18 жастағы барлық топтың мүгедек балалары, 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар</p>	5 айлық есептік көрсеткіш
		<p>Асыраушыдан айырылу бойынша (балаларға) мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар</p>	8 айлық есептік көрсеткіш
		<p>Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдар</p>	60 айлық есептік көрсеткіш
		<p>Маңғыстау облысына сіңірген ерекше еңбегі үшін дербес зейнетақы тағайындалған, "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" 1999 жылғы 5 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алмайтын адамдар</p>	36 айлық есептік көрсеткіш
6	30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституция күні	<p>Барлық топтағы мүгедек, 16-18 жастағы барлық топтың мүгедек балалары, 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар, мүгедектігі бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алушылар</p>	5 айлық есептік көрсеткіш
		<p>1 маусым – Балаларды қорғау күні</p>	5 айлық есептік көрсеткіш
		<p>1 маусым – Балаларды қорғау күні</p>	5 айлық есептік көрсеткіш
		<p>1 маусым – Балаларды қорғау күні</p>	5 айлық есептік көрсеткіш
7	1 қазан – Халықаралық қарттар күні	<p>Жасы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар және жасы бойынша 70 жастан жоғарғы зейнеткерлер</p>	2 айлық есептік көрсеткіш
		<p>Жасы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар және жасы бойынша 70 жастан жоғарғы зейнеткерлер</p>	2 айлық есептік көрсеткіш

8	6 қазан – Қазақстан Республикасының мүгедектер күні	Барлық топтағы мүгедектер, 16-18 жастағы барлық топтың мүгедек балалары, 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар, мүгедектігі бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алушылар	5 айлық есептік көрсеткіш
9	16-17 желтоқсан – Тәуелсіздік күні	Барлық топтағы мүгедектер, 16-18 жастағы барлық топтың мүгедек балалары, 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар, мүгедектігі бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алушылар	5 айлық есептік көрсеткіш

Ескерту:

Аббревиатураларды ажыратып жазу:

"Чернобыль АЭС" - "Чернобыль атом электр станциясы"

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК